

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда-өнеркәсіптік палаталары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 17 қыркүйектегі N 136-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда-өнеркәсіптік палаталары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі:

1) орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілер қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 1 7 қ ы р к ү й е к т е г і

N 1 3 6 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда-өнеркәсіптік палаталары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Акт нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Тауар шығарылған елді анықтау, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін жасау және беру әрі тауардың	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы		2009 жылғы қыркүйек

	шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу, куәландыру және беру жөніндегі ережені бекіту туралы		ИСМ, Қаржымині	
2.	Ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификатты беруге уәкілетті органды анықтау туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИСМ	2009 жылғы қыркүйек
3.	Сәйкестікті растау, тауардың шыққан елін анықтау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау ережесін бекіту туралы	ИСМ бұйрығы	ИСМ	2009 жылғы қыркүйек
4.	Тауар шығарылған елді анықтау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	ИСМ бұйрығы	ИСМ	2009 жылғы қыркүйек

Ескертпе: **аббревиатуралардың** **толық** **жазылуы:**
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК